



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 30 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І

2 0 0 7 Ж Ы Л Ғ Ы 2 Т А М Ы З

Халықаралық резервтер, ақша базасы, Ұлттық қордың шоттарындағы ақша қаражаты және ағымдағы жылдың тамыз айында ноталар шығару кестесі

**1. Халықаралық резервтер және ақша базасы.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есепке алмағанда) және ақша базасы 2007 жылғы 31 шілдеде мынадай болды:

	Ағымдағы бағалармен	Тұрақты бағалармен <sup>1</sup>
<b>Таза халықаралық резервтер, млн. долл.</b>	<b>23 397,3</b>	<b>23 330,0</b>
оның ішінде:		
ЕАВ-ғы таза активтер <sup>2</sup>	21 953,1	21 953,1
Алтын	1 444,2	1 376,9
<b>Ақша базасы, млрд. теңге</b>	<b>1 696,4</b>	<b>1 696,4</b>
Тар ақша базасы <sup>3</sup> , млрд. теңге	1 678,2	1 678,2
ЕДБ-дің ҚРҰБ-ғы мерзімді депозиттері <sup>4</sup> млрд. теңге	18,2	18,2
KZT/USD (кезең соңындағы)	123,61	127,00
Алтынның бағасы (1 троя унциясы үшін USD-мен)	666,75	635,70

1 теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы 2006 жылдың аяғындағы жағдай бойынша.

2 ЕАВ-ғы таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жиынтық активтер мен резидент еместер алдындағы міндеттемелер арасындағы айырма

3 Тар ақша базасы – бұл ЕДБ-дің ҚРҰБ-ғы мерзімді депозиттерін есепке алмағандағы ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2007 жылғы шілдеде Ұлттық Банктің халықаралық резервтері ұлғайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағалармен 4,6 % (немесе 1025,5 млн. долл.) өсті.

Ішкі валюта нарығында валюта сату және Қаржыминінің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялар жүргізу Үкіметтің шоттарына валюталардың түсуімен және екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың ұлғаюымен бейтараптандырылды, бұл таза валюта қорларының (ЕАВ) 1 037,9 млн. долларға өсуіне алып келді. Жүргізілген операциялар нәтижесінде алтындағы активтер оның әлемдік нарықтағы бағасының 2,81 % өсуіне қарамастан 12,4 млн. долларға төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері тұрақты бағалармен 4,4 %, ЕАВ-ғы таза активтер 5,0 %, алтындағы активтер 3,6 % төмендеді.

Елдің халықаралық резервтері (ағымдағы бағалармен) Ұлттық қордың ақшасын (алдын ала деректер бойынша 18 084,9 млн. долл.) қоса есептегенде тұтастай алғанда 3,7 % өсіп, 41 493,4 млн. доллар болды.

2007 жылғы шілдеде Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі ақша базасының 1,8 % (немесе 29,7 млрд. теңгеге) ұлғаюына себепші болды.

**2. Ұлттық қордың шоттарындағы ақша қаражаты.** 2007 жылғы тамызға Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Қор) шоттарындағы айырбасталуы тиіс ұлттық валютадағы сома **49,2 млрд. теңге** болды.

Қордың активтерін конвертациялау және қайта конвертациялау ережесіне сәйкес Ұлттық Банк 2007 жылғы тамыз айы ішінде Қордың ақшасын одан әрі инвестициялау мақсатында осы соманы рұқсат етілген қаржы құралдарына айырбастауды жүзеге асырады. Айырбастау Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінен шетел валютасын немесе шетел валютасындағы қаржы құралдарын Ұлттық Банктің операциялар жүргізу күнгі ресми бағамы бойынша сату не шетел валютасын ішкі нарықта операциялар жүргізу сәтінде қалыптасқан бағам бойынша теңгемен сату арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте Қордың шотына теңгемен түскен түсімдер бір ай ішінде кепілдік берілген трансферттің бекітілген көлеміне сәйкес ағымдағы айдың соңында немесе келесі айдың басында жүзеге асырылатын кепілдік берілген трансферттер түріндегі Қордың шығыстары үшін жеткілікті сома жинақталғанға дейін айырбасталмайды.

**3. 2007 жылғы тамыз айында Ұлттық Банктің ноталарын шығару кестесі.**

2007 жылғы тамыз айында Ұлттық Банк мына Кестеге сәйкес қысқа мерзімді ноталардың 5 аукционын өткізеді:

<b>Күні</b>	<b>Айналыс мерзімі, күндер</b>	<b>Шығарылымының жарияланған көлемі, млрд. теңге</b>
03.08.2007	28	200
10.08.2007	364	200
17.08.2007	28	200
24.08.2007	28	200
31.08.2007	91	200